

Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению о намечаемой деятельности ТОО «Corporate Project Solutions» «разработка месторождения Ростошинское в Западно-Казахстанской области» от 10 апреля 2023 года №KZ58RYS00374038

Дата составления сводной таблицы: 16.05.2023 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 11.04.2023 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 11.04.2023 г.- 15.05.2023 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Аппарат акима Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Западно-Казахстанской области	Замечания и предложения (письмо от 14.04.2023 г. вх.№929) «Corporate Project Solutions» ЖШС-нің белгіленіп отырған қызметі туралы 2023 жылғы 10 сәуірдегі №KZ58RYS00374038 өтініші бойынша орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ-нен келісім алу керектігін хабарлайды.»
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан «Запказнедра»	Рассмотрение вопросов по заявлению не входит в компетенцию Департамента (письмо от 15.10.2021г. №26-10-3-1753)
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования и охраны водных ресурсов Комитета по водным ресурсам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 03.05.2023г. вх.№1056) «1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Су кодексі 125 және 126- баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: 1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер

		жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады. 1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады; 1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс –шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс; 2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады. 3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға ҚР Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.»
4	Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 13.04.2023 г. вх.№909)
5	Акимат района Бәйтерек	Не представлено
6	Департамент Комитета промышленной безопасности Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 14.04.2023г. вх.№940)
7	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Замечания и предложения (19.04.23 г. вх.№971): «Согласно намечаемой деятельности работы будут выполняться на месторождении Ростошинское, района Байтерек, Западно-Казахстанской области. По представленному заявлению намечаемая деятельность разведка и добыча углеводородов. Согласно требованиям раздела 3, пункта 11, п.п. 4 санитарных правил утвержденной приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 11 января 2022 года № ҚР ДСМ-2 "Санитарно-эпидемиологические требования к

	санитарно-защитным зонам объектов, являющихся объектами воздействия на среду обитания и здоровье человека" производства по добыче природного газа относятся к 1 классу опасности с размером санитарно защитной зоны (далее –СЗЗ) не менее 1000м. В представленном заявлении о намечаемой деятельности не указаны данные о санитарно-защитной зоне объекта и о возможности соблюдении размеров санитарно-защитной зоны. А также, в представленном заявлении о намечаемой деятельности указаны получение разрешительных документов только в сфере экологического регулирования, однако объекты 1 класса опасности относятся к высоким эпидемически значимым объектам и для их функционирования необходимо получить разрешительные документы согласно нормативно-правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия. Рекомендуется получить следующие заключения: на проект обоснования предварительную (расчетную) СЗЗ, на проект обоснования установленной (окончательной) СЗЗ, на соответствия объекта нормативно-правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия. Предварительная (расчетная) СЗЗ для проектируемых объектов устанавливается экспертами, аттестованными в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в составе комплексной вневедомственной экспертизы. В срок не более одного года со дня ввода объекта в эксплуатацию, хозяйствующий субъект соответствующего объекта обеспечивает проведение исследований (измерений) атмосферного воздуха, уровней физического и (или) биологического воздействия на атмосферный воздух для подтверждения предварительного (расчетного) СЗЗ. А также, при строительстве резервуарного парка рекомендуем обеспечить постоянную поддержку условий труда, обеспечить работников средствами индивидуальной защиты и руководствоваться принципом временной защиты, отвечающих требованиям санитарных правил, утвержденной приказом министра здравоохранения Республики Казахстан от 16 июня 2021 года №ҚР-ДСМ-49 "Санитарно-эпидемиологические требования к условиям труда и бытового обслуживания при строительстве, реконструкции, ремонте и вводе в эксплуатацию строительных объектов".»
--	--

8	Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (11.05.23 г. вх.№1104): «Өтініште көрсетілген «Ростошинское» кенорынды өндіру жұмыстары жобалануда. Жоғарыда көрсетілген жер учаскелері ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына жатпайды. Алайда, темір жол бойында «Қазақстан Темір жолы» ҰК АҚ «Ақтөбе қорғаныс екпе ағаштар дистанциясына» тиесілі мемлекеттік орман қоры жерлерінде орналасқан. Осыған байланысты, сұратылып жатырған учаскесі мемлекеттік орман қоры жерлеріне кіретіні немесе кірмейтіні туралы анықтау үшін, «Қазақстан Темір жолы» ҰК АҚ «Ақтөбе қорғаныс екпе ағаштар дистанциясы» филиалының Орал Желілік Пайдалану бөлімшесіне хабарласуыңыз сұралады. Сондай-ақ, аталған аумақта сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төніп тұрған жануарлардың түрлері мекендейді. Осыған байланысты, көзделген қызметті атқару барысында, Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының, «Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі негізгі талаптарының» 12 бабында аталған талаптарды ескеру қажет. Сонымен қатар, өтініште көрсетілген жер уческесінде мемлекеттік орман қорына кірмейтін екпелер болған жағдайда, «Батыс Қазақстан облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 37-2 шешімінің 11 және 36 тармақтарының талаптары сақталу тиіс екенін қаперіңізге саламыз.»
9	Управление строительства Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 14.04.2023 г. вх.№937)

«Corporate Project Solutions» ЖШС-нің «разработка месторождения Ростошинское в Западно-Казахстанской области» белгіленіп отырған қызметі туралы 2023 жылғы 10 сәуірдағы № KZ58RYS00374038 өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 16.05.2023 г.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 11.04.2023 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 11.04-15.05.2023 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер (14.04.2023 ж. №929хаты) «Corporate Project Solutions» ЖШС-нің белгіленіп отырған қызметі туралы 2023 жылғы 10 сәуірдегі №KZ58RYS00374038 өтініші бойынша орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ-нен келісім алу керектігін хабарлайды.»
2	Қазақстан Республикасының индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті	Өтініш бойынша сұрақтарды қарастыру Департаменттің құзырына жатпайды (15.10.2021ж. №26-10-3-1753 хаты)
3	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (03.05.2023ж. №1056): «1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Су кодексі 125 және 126- баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: 1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды

		жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады. 1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады; 1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс –шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс; 2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады. 3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға ҚР Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.»
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (13.04.2023ж. №909 хаты)
5	Бәйтерек ауданының әкімдігі	Ұсынылған жоқ
6	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (14.04.2023ж. №940 хаты)
7	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (19.04.23 ж. №971): «Белгіленіп отырған қызмет түріне сәйкес жүргізілетін жұмыстар Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Ростошинское кен орнында жүргізіледі. Белгіленіп отырған жұмыс түрі көмірсутектерді барлау және өндіру. «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-

	эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығының (бұдан әрі қарай – санитариялық қағида) 1 қосымшасының 3 бөлімі, 11 тармағының 4 тармақшасы талаптарына сәйкес табиғи газ өндіру өндірістері үшін санитариялық қорғаныш аумағы (бұдан әрі қарай – СҚА) 1000 м кем болмайды және 1 қауіптілік сыныбы объектісіне жатады. Белгіленіп отырған қызмет түріне ұсынылған өтініште объектінің санитариялық-қорғаныш аумағы туралы мәліметтер және санитариялық-қорғаныш аумағын сақтауға мүмкіндік бар-жоғы туралы мәліметтер көрсетілмеген. Сонымен бірге, белгіленіп отырған қызмет түріне ұсынылған өтініште тек экологиялық реттеу саласы бойынша рұқсат қағаздарын алу көрсетілген, дегенмен 1 қауіптілік сыныбына жататын объектілер эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге жатады және олардың жұмыс жасауы үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қорытындылар алуы қажет. Келесідей қорытындылар алу ұсынылады: алдын ала (есептік) СҚА негіздеу жобасына, белгіленген (түпкілікті) СҚА негіздеу жобасына, объектінің санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы қорытынды. Жобаланатын объектілерге арналған алдын ала (есептік) СҚА өлшемін кешенді ведомстводан тыс сараптама құрамында Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған сарапшылар белгілейді. Объект пайдалануға берілген күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде тиісті объектілердің шаруашылық жүргізуші субъектісі алдын ала (есептік) СҚА растау үшін атмосфералық ауаны, атмосфералық ауаға физикалық және (немесе) биологиялық әсер ету деңгейлерін зерттеуді (өлшеуді) жүргізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, резервуарлық парк құрылысын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы
--	--

		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз.»
8	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (№1104 от 11.05.2023) «Өтініште көрсетілген «Ростошинское» кенорынды өндіру жұмыстары жобалануда. Жоғарыда көрсетілген жер учаскелері ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына жатпайды. Алайда, темір жол бойында «Қазақстан Темір жолы» ҰК АҚ «Ақтөбе қорғаныс екпе ағаштар дистанциясына» тиесілі мемлекеттік орман қоры жерлерінде орналасқан. Осыған байланысты, сұратылып жатырған учаскесі мемлекеттік орман қоры жерлеріне кіретіні немесе кірмейтіні туралы анықтау үшін, «Қазақстан Темір жолы» ҰК АҚ «Ақтөбе қорғаныс екпе ағаштар дистанциясы» филиалының Орал Желілік Пайдалану бөлімшесіне хабарласуыңыз сұралады. Сондай-ақ, аталған аумақта сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төніп тұрған жануарлардың түрлері мекендейді. Осыған байланысты, көзделген қызметті атқару барысында, Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының, «Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі негізгі талаптарының» 12 бабында аталған талаптарды ескеру қажет. Сонымен қатар, өтініште көрсетілген жер уческесінде мемлекеттік орман қорына кірмейтін екпелер болған жағдайда, «Батыс Қазақстан облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 37-2 шешімінің 11 және 36 тармақтарының талаптары сақталу тиіс екенін қаперіңізге саламыз.»
9	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (14.04.2023ж. №937 хаты)